



ЕЛБАСЫҒА АРНАУЛАРДЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

Doç.Dr. Almagül ÜMBETOVA*

Okt.Elmira HAMİTOVA*

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тұлғалық, азаматтық қасиеттерінің арнауға алтын арқау болғандығы, арнау өлеңдерінің жанрлық табиғаты, Елбасының Жезқазғанға сапары кезінде айтылған арнаулардың көркемдігі жайлы жан-жақты айтылады.

Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа әр жылдары айтылған арнаулардың өзіндік ерекшеліктері қарастырылады. Сондай-ақ, Елбасының Жезқазғанға сапарында, қарсы алу сәтінде суырып салма ақындардың айтқан арнауларындағы Ұлытау-Жезқазған өңірі мен тәуелсіздік жылдарындағы жеткен жетістіктеріміз және арнаулардың көркемдік сипатына басты арқау болған – азаттық идеясын көтерген тарихи-рухани құндылықтардағы сарындар сөз болады. Ақындар әлеміне ену және ізденіс арналарына назар аудару арқылы, олардың тақырыпты меңгеру, образды ашу, көркемдік амал-тәсілдерді қолдану мүмкіндіктеріне мән беріледі.

Осы уақытқа дейін суырып салма ақындардың елбасына арнап айтқан жырлары ешқандай зерттеудің объектісі болмаған. Мақала осы орайда бір олқылықтың орнын толтыруға үлес қосу мақсатында қолға алынды.

Кілт сөздер: Арнау, азаттық идеясы, елбасы, қазақ поэзиясы

CUMHURBAŞKANINA İTHAF EDİLEN EZGİLERİN YAPISI

ÖZ

Bu çalışmada Kazakistan Cumhuriyeti'nin ilk Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev'in devlet adamı ve kişilik özelliklerinin ithaf şiirlerine ilham olduğu, bu tür şiirlerin yapısı ve cumhurbaşkanının Jezkazgan şehrini ziyareti esnasında söylenen ithaf şiirlerinin edebî değeri ele alınmıştır.

Milli önder Nursultan Nazarbayev'e çeşitli yıllarda ithafen yazılan şiirler değerlendirilmiştir. Ayrıca Jezkazgan şehrindeki karşılama töreninde ozanların söyledikleri ithaf şiirlerinde Uludağ-Jezkazgan bölgesi, bağımsızlık yıllarında elde edilen başarılar ve ithaf şiirlerinin temel konusunu oluşturan özgürlük idealini bayrak yapan tarihî ve manevî değerler üzerinde durulmuştur. Şairlerin dünyasına girmek ve araştırma alanlarını incelemek vasıtasıyla, onların konuyu ele alış tarzları ve kullandıkları teknikler irdelenmiştir.

Şimdiye kadar irticalen şiir söyleyen ozanların devlet başkanına ithafen dile getirdikleri ezgiler hiç araştırma konusu olmamıştır. Çalışmamız bu alandaki bir eksikliğin giderilmesi amacıyla kaleme alınmıştır.

Anahtar Kelimeler: İthaf şiirleri, özgürlük ideali, cumhurbaşkanı, Kazak şiiri

Азаттық рухы кең көсілген Арқадан кербез Алатауға дейінгі, алтын тамыр Алтайдан кәрі Каспийге дейінгі аралықта ұлан-ғайыр даланың ұлы өркениетін қалыптастырған батыр бабаларымыздың қайсар мінезінен оянған еді.

Осы ерен ерліктер өнегесі тарихи мүмкіндікті мүлт жібермей, біздің бәрімізді Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құруға жұмылдырды. Тәуелсіздік

* O.A.Baykonurov jezkazgan Üniversitesi, Kazak Dili ve Edebiyatı, alma_talgat@mail.ru

* O.A.Baykonurov jezkazgan Üniversitesi, Kazak Dili ve Edebiyatı, barekenov87@mail.ru

жылдарында ең керемет дамыған бұл - қазақ поэзиясы. Поэзиядағы идеялық бағытты алсаңыз да, көркемдік бағытты алсаңыз да кез-келген адамды уысында ұстай алатын, өзінің әдемі өрнектерімен қызықтыра алатын, жетелеп әкете алатын деңгейге жетті.

Қазіргі қазақ поэзиясы дамудың даңғыл жолына түсіп, тыңнан жол салып келеді. Ел тәуелсіздігін алған соң, бұрынғы қазақ кеңестік поэзиясы күрт бетбұрыс жасап, жаңа бағытта тың тақырыптар мен соны идеяларды насихаттай бастады. Қазақ халқымен бірге оның әдеби, мәдени дамуы да бұғаудан босап, поэзиясы ұлттық поэзияға айналды, демократияшыл, азаматшыл рухы биіктеді.

Елдің қоғамдық, саяси, әлеуметтік мәселелері қырағы талант назарынан ешқашан да қалтарыста қалмақ емес.

Елбасыға арнап шығарылған поэзиялық өлеңдер жиі талданып, жинақ болып жарық көргенімен, әр жылдары республиканың өңірлеріне сапарында, Елбасыны қарсы алу сәтінде үкілі домбыраларын қолына алып, арнау айтқан суырып салма ақындардың жырлары ешқандай зерттеудің объектісі болмаған екен. Сондықтан да сол айтылған арнауларды жинастыру, ғылыми айналымға қосу – біздің ойымызша, кезек күттірмейтін мәселе.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев жайлы, тәуелсіздік тақырыбында жазылған жырларда асқақ пафос, ел мен жерге перзенттік сүйіспеншілік, отанға мадақ болмағы анық. Бұл жырлар тұтасымен қазақтың ұлттық рухын асқақтатып, айбарлана толғайды.

Арнау жырлары, өзінің атауынан белгілі болып тұрғандай, шығарманың белгілі бір объектіге бағытталып шығарылуы. Бұл арнау жырын анықтауда басты өлшем болғанымен, арнау жырларының өзіндік құрылысы, өлең өлшемдері объектіні қамту ерекшелігі болатынын ешкім жоққа шығара алмайды.

«Арнау жырларының шығу тегі мадақ жырларымен тығыз байланысты болғанын бұл жанрды арнайы зерттеген орыс ғалымдары да баса айтады. Адамзат тарихында қоғамдық құбылыстардың белгілі бір заңдылықпен іске асатынын ескерсек, қазақ халқының мадақ жырлары мен ежелгі рим, грек, орыс одаларының түп төркіні де бір екенін көреміз. Мысалы, ежелгі қоғамда мадақ жырлары (ода) адам өміріндегі ерекше оқиғаларды, адам батырлығын, мінез ірілігін, табиғаттың ерекше құбылысын мақтауға арнаған. Ежелгі грек ақыны Пиндардың осы тұрғыдан өлеңдері кейін көп халықтың лирикаларына арқау болуы да сондықтан шығар» (Тілеуова 2013: 136-139).

Ал бұл құбылыс ежелгі Римде мемлекетті, оның басшысы Августы мақтау түрінде көрініс берген. Сондай-ақ, Орхон-Енесей жазуларындағы Білге қаған, Күлтегін жырларындағы қағандықты, қағанды мақтаумен астарласып жатқандығы тарихи шындық.

Француз халқындағы XVI ғасырларда ерекше көрініс тапқан одалар мен XV ғасырдан бастап өзінің жаңа даму сатысына көтерілген жыраулар шығармаларындағы мақтаулар тікелей байланысты болмағанымен, генетикалық жағынан арнау өлеңдерінің әр елде өзіндік көрініс бергендігі даусыз. Мұндай мадақтау өлеңдері шығыс поэзиясында «қасыда» түрінде көрініс берді. «Қасыда» дегеніміз – бірнеше бәйіт бір ұйқаспен жазылатын өлең түрі, мақтау жыры. Бұл

өлең түрі кезінде Фердоуси, Науаи, Мақтымқұлы, Низами және т.б. шығармаларында кеңінен қолданылды.

Ерте дәуір әдебиеті мен одан кейінгі кез арнау өлеңдерін саралап қарастырсақ, арнау өлеңі өзінің құрамына мадақ жырларын да, аңсау түрінде жазылған өлеңдерді де, сатиралық тұрғыдағы шығармаларды да, ағартушылық тұрғыдағы ірі шығармаларды да қамтығанын байқаймыз.

Ф.Брокгауза мен И.Ефрон құрастырған "Энциклопедиялық сөздікте" арнау жанры "философиялық толғаныстан бастап, сатиралық суреттеуге дейін" кең ұғымдағы мағынаға ие екенін айтады. Бұл арнау жанры өзінің таңдап алған тақырыбы, арнаған адамына, табиғатқа байланыстылығы жағынан сан алуан екендігін, оның түрлерінің көптігін көрсетеді. Бірақ бұл жерде "жанрдың ой түюі" деген мәселе ұмытылмауға тиіс. Егер олай жасамасақ, кез-келген арнау сөзін арнау жанрының объектісі ретінде қарауға тура келеді. "Жанрлық толғаныс" арнаудың тарихи-әдеби процесс кезінің әртүрлі сатысындағы жанр түріндегі көкейтестілігін көрсетеді.

Арнау жанры әдебиеттану ғылымында негізінен дәстүрлі лирика жанрының бір түрі ретінде қарастырылады. Бірақ солай бола тұрса да, ешкім арнау жанрының "философиялық-теориялық, дидактика-публицистикалық, махабаттық-достық-сатиралық" табиғатын жоққа шығармайды. Ал арнау жанрының табиғатының, тақырыбының өзгеруіне негізгі себеп – әлеуметтік жағдай екенін барлық зерттеушілер мойындайды. Бұл мойындау ерте кезден бүгінгі күнге дейін арнау жанры жеке объект ретінде сөз болғанын көрсетеді.

Қазақ поэзиясында арнау өзінің өміршеңдігімен көрініп қана қоймай, әр кезеңде өзіндік бет-бедерімен ерекшеленген. Сондай-ақ әрбір кезеңде ол бейнелейтін эстетикалық нысаны өзгеріп, соған байланысты уақыттың көкейтесті мәселелерін көрсететін мағынада өзгеріске түсіп отырған.

Бұл тұжырымдар кезінде жанрдың типологиясын зерттеуге эстетикалық тұрғыда мүмкіндік беріп, оның әдеби процестегі қызметін анықтайды. Бұл тұрғыда қазақ ғалымдары да теориялық жағынан еңбек етіп, А.Байтұрсынов, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов, М.Жолдасбеков (ежелгі әдебиетіміздегі), М.Мырзахметов, Қ.Мәдібаева (зар заманы дәуіріндегі), Т.Қожакеев (сатирадағы), Б.Әбілқасымов (толғаулардағы), С.Медеубеков (термедегі) арнау өлеңдерінің ерекшелігін ашты. Бұрын-соңды айтылған пікірлерді тиянақтай келе, арнау өлеңдерінің жанрлық ерекшелігі неде дегенге тоқталсақ, арнауға былайша анықтама беруге болады.

Арнау – белгілі бір адресатқа (жеке немесе жиынтық ұғымда) арналған. Ол өлең мәтінінің ішінде көрінетін, автордың белгілі бір тақырыпқа өзінің объектісімен сырласуы (философиялық, эстетикалық, қоғамдық-саяси, өмірлік шығармашылық тақырыптарға) түрінде пайда болған поэзия түріндегі шығарма. Арнау адресаты тақырыпта тура (эксплицитті) немесе жанама (имплицитті) түрде берілуі мүмкін.

Екінші жағдайда кімге бағытталуы шығарма мазмұнында шақыру, өтініш, сұрақ түрінде көрінеді. Бұл шығармаға диалогиялық рең беріп, автордың ішкі толғанысын шығарма арналған объектімен бөлісуіне мүмкіндік береді. Шығарманың кез-келген поэтикалық шартында бұл жанр автордың өмірінде пайда болған ой-толғанысын, басқа да мәселелерін поэзия түрінде жеткізуге мүмкіндік беріп, белгілі бір нысананы өнер туындысының объектісіне айналдырады.

Арнау жанр ретінде адресатпен диалог құруға мүмкіндік беретін поэзия түрі ретінде айқындалады. Бұл оның өзі тектес жанрлардан өзгешелігін көрсететін типологиясы. Себебі басқа жанрлар да белгілі бір объектіге бағышталғанымен, оның мақсаты басқа. Мысалы, оданың мақсаты – мақтау. Монологтың мақсаты – ой айту. Ал сатира мен эпиграмма негізінен күлкі ете отырып, объектімен диалогиялық қарым-қатынасқа түспейді.

Арнау өлеңдерінің негізінде күні бұрын белгілі рөлге ие болған адресатпен диалог құру жатыр. Бұл жерде адресат дос, дұшпан, ел, жер, табиғат және т.б. болуы мүмкін. Адресаттың осындай әртүрлілігі авторға толғанысын, ажуасын, көңіл-күйінің басқа сәттерін жеткізуге мүмкіндік береді. Ал бұл дегеніміз – арнаудың толғау, терме, өлең, сатира және т.б. жанрларды өзінің икеміне қарай бұрып, өзіндік жанр туғызу мүмкіндігі деген сөз.

Арнаудың диалогиялық мүмкіндігі кең. Жырау, ақын өзінің поэтикалық ойын білдіруге жеке адаммен де, өз-өзімен де, жер, су, табиғат құбылыстарымен де, тарих кезеңімен де, қоғамдық өзгерістермен де кеңесе, сөйлесе алады. Сондықтан да қазақ суырып салма поэзиясындағы арнау өлеңдері өз кезеңіне байланысты өзгеріп отырған және замана сөзін айта білген. Осы тұрғыдан келгенде, арнаудағы адресат жиынтық тұлға екенін де ұмытпағанымыз жөн. Ал бұл жиынтық тұлға арнау жанрын туғызушы компоненттің бірі болып саналады. Адресаттың әртүрлі моделі арнау жанрының әртүрлі түрлерін туғызады.

Арнауда шығарманың тақырыбы ретінде көрінетін ситуациялық қарым-қатынас бар. Бұл тақырыптың нақты формасын көрсететін поэтикалық ойдың белгілі бір объектіге мақсатты түрде бағышталатындығының белгісі. Солай бола тұрса да, арнауда эпикалық, драмалық шығармалар секілді қарым-қатынастың толық мазмұны, ойды толық баяндау жоқ. Арнау монологтық ой толғанысы іспетті. Бірақ жәй монологтық ой емес, белгілі объектімен (оның нақты, абстрактылы болуына қарамастан) сырласу.

Арнау — диалогтық ой айту. Бірақ ол толық біткен, толық формадағы диалог емес, соның детальдары. Бұл арнау жанрының кез-келген сәтте жауап алуға мүмкіндігі бар екенін де көрсетеді.

Белгілі объектімен қарым-қатынасқа түсу шарты арнау жанрының негізгі белгісі ғана емес, жанрлық форманы тудырушы компоненті де. Ал бұл жанрдың құрылымын ұйымдастырушы поэтикалық киімін киіндіруші десе де болады. Арнаудың мазмұны үнемі адресатқа бағышталып, оның қабылдауына лайықталады.

Суырып салма поэзиясындағы арнауда айтылу интонациясы да аз қызмет атқармайды. Сондай-ақ арнаудағы сұрақ-жауап конструкциясы, императив, полемикалық-риторикалық фигуралар да жанрды құраушы компоненттер қатарына жатады. Бірақ арнаудағы диалогиялық бастама – арнау өлеңінің табиғатына терең сіңген белгі. Бұл өз кезегінде арнаудың стильдік ерекшелігін анықтайды. Тіпті, арнауда нақты адресат айтылмаса да, арнау қуатты – диалогиялық мазмұнға ие болады да, ол өз бойына тек автордың ой-толғанысын ғана емес, басқаның да ой-толғанысын жинайды. Бұл арнаудың семантикалық толыққандылығын көрсетеді. Сөз екі бағыттық мәнге ие болып, автордың өз сөзі және адресат сөзі ретінде көрінеді.

Арнау жанры – күрделі жанр. Сондықтан да оның ерекшелігін ашуға түрлі-түрлі жағынан келіп талдау жасадық. Қазақ суырып салма поэзиясында тіпті, Абай арнауларының өзі суырып салып шығарылғанын ескерсек, қазақ әдебиетіндегі арнаудың өзіндік ерекшелігі бар. Бұл ерекшеліктер қазақ ауыз әдебиетінде айтыс, шешендік өнер, толғау, қара өлең және т.б. бірігіп, халқымыздың мол рухани дүниесін, жанрлық түрлерін байыта түседі.

Тұтас ұлтты бір шаңырақтың астына біріктіріп, шартарапқа танытқан Елбасының бекзат болмысы мен кесек мінезі, азаматтық пайымы өз халқының ғана емес, әлемдік қауымдастық тарапынан да әлдеқашан әділ бағасын алған. Қазақ елінің тарихындағы тұңғыш президенттің өмір жолы үлкенге үлгі, кішіге өнеге боларлықтай. Осы уақытта оның тұлғалық, азаматтық қадір-қасиеттері мен қырлары өнер мен әдебиет саласындағы шығармашылық иелеріне алтын арқау болды.

Ғалым Нұрдаулет Ақыш:

«Іс жүзінде 1989 жылдан бастап, Қазақстан Республикасының бірінші басшысы болып сайланған Нұрсұлтан Әбішұлы осы жиырма жылдан астам уақыт ішінде өзінің қандай деңгейдегі басшы екендігін тек өз еліне ғана емес, сыртқы жұрттарға, халықаралық қауымдастыққа жан-жақты таныта білді. Тәуелсіздігін енді ғана алған жас мемлекеттің басшысы болу үлкен сын болып табылатындығын ешкім жоққа шығара алмаса керек. Өз уақытында баспасөз беттерінде Елбасы туралы жарық көрген түрлі поэзиялық, прозалық туындылардың, эсселер мен көркем очерктердің мазмұны, міне, осындай нақты пайымдауларға әкеліп саятын. Оларда Елбасының бейнесі негізінен қоғамдық ірі тұлға ретінде әр қырынан, әр түрлі адами индекстер тұрғысынан көрініп жататын. Елбасының азаматтық және саяси тұлғасын әр автор өз таным-түсінігіне лайық әр түрлі деңгейде сомдап келеді. Меніңше, қаламгерлер ең алдымен Елбасының ауқымды деңгейдегі ұйымдастырушылық қабілетін, яғни, саяси тұлғасын, Қазақстанның патриоты, қазақ ұлтының жанашыры ретіндегі қырларын да ашып көрсеткендері жөн-ақ», -деп атап өтеді өзінің газет тілшілеріне берген бір сұхбатында (Ақыш 2012).

Н.Ә.Назарбаевтың нар тұлғасын айшықтаған көркем проза, поэзия, драматургия, кино туындылардың қатары жыл өткен сайын көбейіп келеді. Елбасымыздың адами, азаматтық келбеті бүгінгі қазақ прозасы, поэзиясы, драматургиясында зерттеу нысаны болуға лайық екендігі ақиқат. Оның өмірі мен шығармашылық ғұмырынан алып жазылатын көркем шығармаларға жүк болар тақырыптар әлі де жеткілікті. Ал, бүгінгі біздің тақырыбымыздағы арнаулардағы Елбасы бейнесі туралы сөздің өзіндік ерекшелігі бар.

Елбасы жайлы атадан балаға мирас болып келген, халқымыздың рухани төл мәдениеті – айтыста да сөз болады.

Айтыста сан алуан тақырып қозғалады. Айтыскер ақындар тарих тағылымынан нәр ала отырып, соңғы уақытта Елбасы бейнесін өткен тарихи тұлғалармен қатар жырға қосып жүр.

Жалпы тарихи тұлғалардың көркем әдебиетте бейнеленуінің өзіндік дәстүрі бар. Айтыстың тарихына үңілсек, тарихи тұлғаларды жырлаудың дәстүрі қалыптасқанын көреміз.

Елбасы туралы айтыста біршама айтылып келеді. Зер салып қарасақ, айтыс ақындарының Елбасы туралы толғаныстары көбіне тәуелсіздік ұғымымен егіз аталып отыратынына көз жеткіземіз. Мысалы:

Армандап тәуелсіздік арда күнді,
Сары алтыннан сайладың балдағыңды.
Хан Кене, жүрегіңмен сүйіп өттің,
Қалың елің, қазағың ардағыңды.
Ұлтымды бодандыққа бермеймін деп,
Абылайлап қоздырдың аруағыңды.
Оң жағыңа ертіп ап қол бастадың,
Ағыбай, Наурызбайдай тарланыңды.
Шен таққан ақ патшаның өкілдерін,
Көрмеуші ең қарқылдаған қарғы құрлы.
Өз бауырың қырғызың тор құрғанда,
Өкініп шайнап едің бармағыңды.
Азаттықты аңсаған, кемеңгерім,
Алыстан болжапсың-ау алдағыңды.
Бүгін, міне, тәуелсіз қазақ болдық,

Нұрағаң орындады арманыңды! (Нұрахметұлы, Дүйсенғазин 2006: 312) деп

жырлаған Аманжол Әлтаев өз сөзінде біздің бүгінгі жетіп отырған тәуелсіздігіміздің жолында құрбан болған, қазағымыздың ханы Кенесары және оның қол бастаған батырларын, қырғыздың сатқындығын суреттей отырып, сол бабалар аңсаған азат күнді Кенесарыдай ханның ісін жалғастырып, тәуелсіздікке қол жеткізудің көш басында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев тұр деген ойды ұғамыз. Айтыста оны ақын құр мақтамай, өткен тарихты айта келіп, сол бабалар аманатын орындаушы және сол аманат жүгінің өте ауыр да жауапты іс екенін аңғартып, біз секілді келешек ұрпақтың жарқын өмір сүруін меңзейді.

Ал мына бір Мұхамеджан Тазабеков пен Қуаныш Мақсұтовтың айтысында Елбасы туралы шумаққа назар салсақ, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ауыр кезеңдерді артқа тастап, жаңа-жаңа елдің жағдайы жақсарып келе жатырғанын және Н.Ә.Назарбаевтың президенттік мерзімінің екінші кезеңіне сайлауға түскенін көреміз. Мысалы, Мұхамеджанның Қуаныш ақынға айтқан сөзін келтірсек:

Жеті жыл артта қалды ырым қылар,
Тәуелсіздік жаныңды жылындырар.
Назарбайдың Президент немересі,
Ол да үміткер, әр сөзі – жұғымды бал.
Данышпан ел мұңайтпас Нұрсұлтанын,
Көп тірлік тындырды ғой тығын қылар.
Жаңадан кеп қосылған жолдастан да,
Ескі дос ертерек сырыңды ұғар.
«Үйренген хан иленген терідей» деп

Бекер айтты дейсің бе бұрынғылар (Нұрахметұлы, Дүйсенғазин 2006: 312).

Мұқият зер салып оқыған адамға бұл жерде айтыстың үгіт-насихаттық жағын аңғару қиын емес. Жеті жылдық мерзімі өтіп, екінші рет сайлауға түскелі

отырған Елбасымыздың тындырған, ел үшін жасаған әрекеттерін саралай келіп, тәжірибесі барын айтып, тек Қуаныш ақынды ғана емес, сөз астарымен барша халықты қолдауға шақырып отырғанын көреміз.

Қазіргі айтыстарда өткен тарихтағы көрнекті тұлғаларымызбен қоса, бүгінгі көзі тірі, ортамызда жүрген, ел үшін жаны тыныш таппай жүрген елбасыдан бастап, көптеген қоғам қайраткерлерінің нысанға алынуы заңды құбылыс. Елбасының образын сомдауда айтыскер ақындар оның ел үшін атқарған іс-әрекеттерінің төңірегінде жырлай отырып, тарихи тұлғаның ертеңгі ұрпаққа үлгі болар әрекеттерін сөз етеді. Мысалы, Бекжан Әшірбаев пен Қуаныш Мақсұтовтың айтысында Қуаныш ақын Елбасының қызметіне барша ел болып, тілектес болуымызға шақырады:

Халықтың қуанышын ұқпайды ма,
Бағасын болашақтың нықтайды ма?
Нұрсұлтан жалғыз жүр ғой ел ішінде,
Бір өзі күллі елді мықтайды ма?
Ағайын, бірлік болмай - тірлік болмас,
Осыны мына Бекжан ұқпайды ма? (Айтұлы, Дүйсенғазин 2006: 336).

Ақындардың жырларынан өзінің туып-өскен жерін, атамекен қоныстарын, ата-бабаларын, үрім-бұтақ әулеттерін ардақтаған, перзенттік махаббатқа толы көңіл-күй әуендерінің бұлайша төгілуі – табиғи құбылыс. Өзінің әуелгі шыққан тегін, ата-баба қоныстарын ардақтай жырлау байырғы сақ, ғұн, одан кейінгі түркі өркениеті заманындағы әдеби мұраларындағы желісі үзілмеген тақырып екендігі мәлім. Сөзімізді түйіндей келсек, Елбасының өмірі мен шығармашылық ғұмырынан жазылған және жазылатын көркем шығармаларға жүк болар тақырыптар әлі де жеткілікті.

Қазақ әдебиетінің тарихында еліміздің тәуелсіздік арнасына түскеннен кейінгі кезеңі өзіндік даму бағытымен, көркемдік ізденістерімен ерекшеленеді. Тың тыныс, соны серпінді байқаймыз. Әрине, ұзақ жылдарға созылған азаттық таңын аңсау мен оған жету жолындағы қоғамдық күрестердің һәм олар туындатқан тарихи оқиғалардың төл поэзиямызға тигізген әсері ерекше екені сөзсіз.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясы өзіне дейінгі ұлттық әдебиетіміздің ең асыл, аса озық дәстүрін жалғастыра отырып, дәуірге сай жаңа көркемдік танытып отыр.

Ақындар тарих тағылымынан нәр ала отырып, соңғы уақытта Елбасы бейнесін өткен тарихи тұлғалармен қатар ала отырып, жырға қосып жүр. Елбасыға айтылған арнаулардан бұл айқын аңғарылады. Елбасының шетелде тұратын қазақтармен кездесуінде де арнаулар айтылады.

«Баян-Өлгей аймағының Мизамхан бастаған азаматтары Қазақстан делегациясына қонақасы беруді парыз санапты. Сол жерде үкілі домбыра алып, өзі де үлбіреп тұрған Меруерт Бошайқызы деген қарындасымыз Қазақстан Президентіне арнау айтты. Президент талай арнауды тыңдап жүргені белгілі. Бірақ ата жұрттан алыстағы жұрттың сағынышы, аңсауы, өксігі, өкініші, үміті, болашағы жатқан бұл арнаудың жөні бөлек болды. Наз да бар, базына да бар. Тілек те бар, қайсарлық та бар. Бәрі-бәрі даусы ерен, әні ерен, сөзі ғаламат бұл арнаудан табылар еді:

Хош келдіңіз, Нұр-аға
 Елімізге нұр ала.
 Өзіңізді көргенде,
 Толқымай көңіл тұра ма?
 Халықтың сөзін сөйлейін
 Болмасам да ғұлама.
 Уа, дариға-а-а-ай, дариға-ай!
 Жүректі шоқ қариды-ай!
 Алты алашта қол бастар,
 Абылайдай аға жоқ,
 Жауды жасқап, жол бастар
 Жәнібектей дара жоқ.
 Азған елге Абайдай
 Ақыл айтар дана жоқ.
 Өтеміз-ау өкүмен,
 Басқаларға таба боп.
 Деп аһ ұрып, жүруші-ек
 Дене де дерт, сана дерт.
 Келдіңіз бе өмірге
 Еліңізге пана боп.
 Сол жобад-а-а-а-ан табылса
 Бізде арман, нала жоқ.
 Уа, дариға-а-а-ай, дариға-ай!
 Жүректі шоқ қариды-ай!
 Сұлтанбысыз, нұрмысыз,
 Аман-есен жүрмісіз.
 Дұғай сәлем жеткізем,
 Сұра елдің тұрмысын.
 Қаңқылдайды алдыңда
 Сыңар қанат бір құсың!
 Құқай ойнап төбемде,
 Құдай болып тұр мүсін.
 Боданы боп бөтеннің,
 Жырта-жырта жыртысын,
 Күйзелумен үш ғасыр

Ақ боз үйдің алдында арнауды тыңдап тұрып, Президент Нұрсұлтан Назарбаев толқыды. Тұңғығын тербей білсе, терең де толқиды екен», - деп жазады белгілі журналист Қайнар Олжай (Олжай 1994: 201-203).

Осы арнауда Меруерт Бошайқызы көркемдеу құралдарын, фразеологизмдерді құбылта, дамыта өрістеткен. Арнаудың көркемдік кестесін танытар үлгі-өрнектер мол. Солардың кейбіріне шолу жасайық:

Хан сөзіндей сезіндік (теңеу)
 Қосылса қазақ көптігін.
 Керуендер бетке алды
 Көкше белдер шоқтығын (аллитерация)

Күн өткіздім, күйді ішім.
 Тек, желтоқсан-а-а-а-ан желінде
 Сізді көрдім, тұңғышым!
 Уа, дариға-а-а-ай, дариға-ай!
 Жүректі шоқ қариды-ай!
 Қанды бұғау қақырап,
 Қайта оралды көк туым.
 Алыстағы ағайын
 Келші деген жетті үнің.
 Сөзіңізді естіде
 Аяқ асты етті кім?
 Хан сөзіндей сезіндік
 Қосылса қазақ көптігін.
 Керуендер бетке алды
 Көкше белдер шоқтығын.
 Қайда қаным жүрсе де
 Дей алмаймын – тоқтығым.
 Алғыс та ба-а-а-а-ар, айтар бар,
 Шағар Сізге көп мұңын.
 Уа, дариға-а-а-ай, дариға-ай!
 Жүректі шоқ қариды-ай!
 Желдей ұшып жетер ем,
 Жеткізбей жүр шабан ат.
 Керей көші кетті алда
 Кенерені жағалап.
 Емен-жарқын олардың
 Тірлігі де аманат,
 Алтай, Қобда бетінен
 Ауған да жоқ әлі Абақ.
 Артта қалған аңырап
 Жұртымыз да аманат.
 Алла Сізге-е-е-е-ей бақ беріп,
 Естіртпесін жаманат!
 Алла Сізге-е-е-е-е-ей бақ беріп,
 Жеткізбесін жаманат!

Қайда қаным жүрсе де
 Дей алмаймын – тоқтығым.
 Алғыс та ба-а-а-ар, айтар бар,
 Шағар Сізге көп мұңын.
 Уа, дариға-а-а-ай, дариға-ай!
 Жүректі шоқ қариды-ай! (тұрақты тіркес)
 Желдей ұшып жетер ем, (теңеу)
 Жеткізбей жүр шабан ат. (метонимия)
 Керей көші кетті алда.

Н.Ә.Назарбаевтың кезінде металлург болғаны, металлургия саласында қызмет еткені белгілі. Демек, оған өндіріс жайы, жалпы, еңбектің қадір-қасиеті етене таныс. Мемлекет басшысының туған жұртымен, аяулы халқымен қауышуы – бұл да есте қаларлық, ұмытылмас сәттер. Елбасының қазақтың қазыналы аймағы – Жезқазған жеріндегі жылы жүздесулерінде де ол кісіге арнап әр жылдары арнаулар айтылды.

Елбасының Жезқазған жеріндегі кездесуінде белгілі жырау, айтыс ақыны Шынболат Ділдебаев домбырасымен арнау-жырын былай айтты:

Қош келдің, Жезқазғанның қаласына,
 Сағынған Сарыарқаның даласына.
 Өзіңмен бірге келсін бақыт құсы,
 Мыс қазған кеншілердің арасына.
 Ел болдық пейілі сай даласына,
 Тапталмай өзгелердің таласына.
 Аузыңнан шыққан әрбір асыл сөзің,
 Еліңнің ем боп жатыр даласына.
 Басынып бара жатқан бәзбіреулер,
 Түскендей болып қалды сабасына.
 Қаптаған Арқадағы қалың елің,
 Ешкімнің қалдырмайды табасына.
 Алғыс пен ақ батасын ел береді,
 Халқымның ардақ тұтқан баласына.
 Айтатын ел атынан аманатым,
 Күні бол көгінен нұр ала алатын.
 «Мың өліп, мың тірілген» ел едік қой,
 Тағдырдың тартқан талай ғаламатын.
 Теміртау құрышына қайнап піскен,
 Тілейміз Нұрсұлтанның саламатын.
 Халқыңның болашағы өз қолыңда,
 Атадан артып туған азаматым.» (Домбай 2010).

Ақын Шынболат Ділдебаев:

Қазақтың маңдайдағы бір ұлы едің,
 Қараңғы, қиыннан жол таба алатын.
 Артыңда қара ормандай халқың бар,
 Бел буып қайда болсын бара алатын,
 Арманың Абылайдай биік болса,
 Тарихты таңдандырып қалар атың,-

деген жолдарда «қара ормандай халқың бар», «Арманың Абылайдай биік болса» деген теңеулер арқылы өз ойын тамаша жеткізе білген.

«Алаш алаш болғалы еншімізге бұйырған Атажұрттың ырзықты топырағында мұзбалағы бұлт тілген мұзарт шыңды таулар мен қалың тоғай –қара орман, самалы мен сағымы қойындаса ұштасқан салқамтөс сақи дала мен толқын ұрған жағалауы көкжиекпен жалғасқан көкше теңіз-шалқар көл біріне бірі ұласа орнықса, ол-қайырлы мекен құт қонысқа жаратылыс дарытқан жарасымды сурет қана емес. Ол – көсем ойлы бабалардың туған жер топырағына көшкен арман-аңсары. Ол – ел бірлігі жолында түн ұйқысын төрт бөліп, ат үстінде күн кешкен Кетбұғыдай кемел ойлы ерлердің ұрпағына қалдырған аманаты. Аманатқа адалдық көшелі перзент парызы» (Ештанаев 2006: 156).

Тұтастық пен бірлікке қызмет жасауды өмірлік мұрат, азаматтық парыз деп білген Елбасы Ұлытауға атбасын тірегенде, ақын Светлана Жұмкина жыр-толғауымен қарсы алған еді:

Қасиетін еліңнің,
Өлемге қазақ таныттың.
Белдескен білер бағасын,
Күшін де танып алыптың.
Тағдырың сеніп тапсырған,
Хан ойлар қамын халықтың.
Басыңызға бақ қонды,
Ақ ниетті батасын,

Алғысын елдің алып мың!,-деп айта келіп (Жұмкина 1995: 2), ұшқан құстың қанаты талар ұлан даланың кіндігінен қоныс тепкен Ұлытаудың тамырлы тарихын сөзбен өрнектейді:

Киелі біздің бұл өлке,
Едіге батыр жатқан жер.
Үш жүзің келіп жиылып,
Абылай ақ ту таққан жер.
Ұлылар келіп өмірге,
Қанатын биік қаққан жер.
Дүбірлетіп арқаны,
Шауып өткен кезінде
Өнерлі талай Ақтаңгер

Ғаламды танып білем деп,
Ғарышқа ұшып жатқан жер.
Өлемдік құйып арнаға,
Өзені мыстың аққан жер.
Өлмейтін мәңгі қазына,
Қобызда күй боп жатқан жер.
Тарих боп қалған Ұлытау
Топырағын мойнына
Тұмар ғып қазақ таққан жер

(Жұмкина 1995: 2)

Жыр-толғаудан тәуелсіздік әкелген өзгерістерді, рухани әлеміміздегі желісі үзілмеген тарихи сабақтастықты, азат сана тудырған айшықты оралымдарды айқын аңғарамыз:

Ұлытау жердің киесі,
Қазақтың Сізсіз иесі.
Тынысы болған тірліктің,
Телегей тұнық шайқалмас,
Теңізі болған бірліктің.
Өзіңздей Ханы бар,
Ханы бар елдің бағы бар.

Қиын қыстау кезеңде

Арқа сүйер Ұлытау

Қасыңыздан табылар (Жұмкина 1995: 2)

Арнау Елбасына арналып шетелде де, Қазақстанның қай өңірінде айтылса да бір үндестікті аңғарамыз. Сөзіміздің дәлелі ретінде төмендегі кестеге назар аударайық:

Авторлар	Ақындардың сөз саптау үндестіктері	
	Халықтың үнін бере білуі	Елбасының тұлғасы
Ш.Ділдебаев	Ел болдық пейілі сай даласына, Еліңнің ем боп жатыр даласына. Қаптаған Арқадағы қалың елің	Халқымның ардақ тұтқан баласына, Қазақтың маңдайдағы бір ұлы едің, Атадан артып туған азаматым.
С.Жумкина	Қасиетін еліңнің, Әлемге қазақ таныттың. Белдескен білер бағасын, Күшін де танып алыптың. Басыңызға бақ қонды, Ақ ниетті батасын. Алғысын елдің алып мың!-	Ұлытау жердің киесі, Қазақтың Сізсіз иесі. Тынысы болған тірліктің, Телегей тұнық шайқалмас, Теңізі болған бірліктің. Өзіңіздей Ханы бар, Ханы бар елдің бағы бар.
М.Бошайқызы	Келдіңіз бе өмірге Еліңізге пана боп. Халықтың сөзін сөйлейін Болмасам да ғұлама. Сұлтанбысыз, нұрмысыз, Аман-есен жүрмісіз. Дұғай сәлем жеткізем, Сұра елдің тұрмысын.	Қанды бұғау қақырап, Қайта оралды көк туым. Алыстағы ағайын Келші деген жетті үнің.

«Мәңгілік ел» идеясымен тұтас ұлтты бір шаңырақтың астына біріктіріп, шартарапқа танытқан Елбасының бекзат болмысы мен кесек мінезі, азаматтық пайымы біздің зерттеуімізге өзек болып отырған арнауларда осылайша көрініс табады.

Ақындар өз арнау өлеңдерін халқымыздың жыраулық дәстүр үлгісінде толғайды. Қазақ халқының қиын-қыстау кездерін еске түсіре отырып, Бұхар жыраудың Абылайға айтқан толғауындай, Елбасына халық атынан қарата сөйлеп, елінің тізгіні қолында екенін, халықтың оған деген сенімі мен артар үміті зор екенін еске салады.

Қазақ халқының сан ғасырлық арманы мен мұраты ел егемендігі, азаттық пен тәуелсіздік болды. Осы жолда ғасырлар бойы күресті, шайқасты, жан алысып, жан беріскен кезеңдерді бастан кешті. Қандай қиындық, қайғы-қасырет көрсе де, өзінің ежелгі арманынан айныған жоқ. Осы арман мен мақсат бүгінгі күнге дейін қазақ сөз өнеріне мәңгілік мұрат, өлмес дәстүр болып жетті. Өзінің кемел

туындыларымен алдыңғы қатарда болған қазақ поэзиясы қай кезеңде де ата-баба арманының аңсарын бір сәтке де ұмытқан жоқ.

KAYNAKÇA

AKIŞ N., (2012, 30-Karasha), «Elbası beynesinin öner men edebiette keyipker retinde somdalul» // Egemen Kazakstan gazetı.

AYTULI N., S. Dyysengazin, (2006), Kazirgi aytıs, 2-kitap, Astana: «Kultegin» baspası.

DOMBAY N., (2010, 3-şilde), «Jarkın juzdesuler» // «Ana tili» gazetı.

JUMKINA S., (1995), Elbasıga arnau. S.Jumkinanın jeke muragatınan.

EŞTANAEV F., (2006), Kazak memleketi men ult tutastıgının kallptasulndagı ultaudın tarihi ornı, Astana: «Foliant».

NURAHMETULI İ., S. Dyysengazin, (2006), Kazirgi aytıs, 1-Kitap, Astana: «Kultegin» baspası.

OLJAY K., (1994), Prezident pıragı, Almatı.

TILEYOVA A., (2013), «Arnau elenderinin janrıık tabıgatı» // Kazmu habarşısı. Filologia seriası, № 39: 136 -139.